

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

қажеттіліктеріне бейімдеуге, әртүрлі білім беру ресурстарын пайдалануға, оқытуды саралауды қолдауға және сыни ойлау мен проблемалық шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Әрине, цифрлық білім беру ресурстары өте көп және саналуан, әрі олар үнемі жаңартылып отырады. Алайда, цифрлық ресурстарды мақсатқа жету жолында тиімді пайдалана алу – бұл заманауи мұғалімнің негізгі қасиеттерінің бірі. Педагогикалық дөңгелек авторы Аллан Каррингтон жазғандай: «Мәселе қосымшаларда емес, мәселе – педагогикада».

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Каррингтон, А. (2016). The Pedagogy Wheel: It's Not About The Apps, It's About The Pedagogy. TeachThought [Электронды Ресурс] // – URL: <http://www.teachthought.com/critical-thinking/blooms-taxonomy/the-pedagogy-wheel/>
2. TeachThought Staff. (2016). Bloom's Digital Taxonomy Verbs For 21st Century Students. TeachThought. [Электронды Ресурс] // – URL: <https://www.teachthought.com/critical-thinking/blooms-digital-taxonomy-verbs/>
3. Шакирова, Д. (2023). Географияны оқытудағы цифрлық технологияның қолданылуы. Білім. [Электронды Ресурс] // – URL: <https://daryn.online/article/2737>
4. Clark R. C., Chopeta L. Graphics for learning: Proven guidelines for planning, designing, and evaluating visuals in training materials. San Francisco: Pfeiffer, 2004 544p. <https://www.oreilly.com/library/view/graphics-for-learning/9780787969943/>

ӘОЖ 372

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Забиров Али

zabirovali81@gmail.com

География педагогтерін даярлау ББ білім алушысы, Жаратылыстану ғылымдары факультеті,
Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: М.Н. Мусабаева

Мұғалім мен оқушының интербелсенді шығармашылығы шектелмейді. Оны қойылған мақсатқа дұрыс бағыттай білудің маңызы зор. Бүгінгі шығып жатқан әдістемелік инновациялар оқытудың интербелсенді әдісімен байланыстырылған. Интербелсенді оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұқбаттасып оқыту болып табылады. «Интербелсендінің» негізгі сипаттамалары қандай? Интербелсенді оқыту – бұл танымдық әрекеттің арнаулы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдынала болжауға болатын оқыту түрі.[1] Осындай мақсаттардың бірі оқушы өзінің жетістіктерін, интеллектуалдық белсенділігін сезетіндей, оқу барысының өнімділігін арттыратын оқытудың жинақы шарттарын жасау. Интербелсенді оқытудың мәнісі сыныптағы барлық оқушы таным үдерісімен қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Таным үдерісінде, оқу материалын игеруде оқушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр оқушы өзіне тән ерекше еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерін алмасу үздіксіз жүреді.[2]

Сонымен қатар, бұл үдеріс өзара қолдау және қайырымдылық атмосферасында жүреді. Яғни, жаңа білім алып қана қоймайды, танымдық үдерістің өзін дамытады, оны әлдеқайда жоғары топтасу мен еңбектесу дәрежесіне көтереді. Сабақтағы интербелсенді әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін – ұйымдастыру және сұқбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Интербелсенділік бір көзқарастың немесе бір ғана сөйлеушінің басым болуы жағдайын болдырмайды. Сұхбаттасып оқыту

барысында оқушылар сыни ойлауды, тиісті ақпарат пен белгілі жағдайды талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, балама көзқарастарды салыстыруды, ақылды шешімдер қабылдауды, дискуссияға қатысуды, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін сабақта жекелей, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жұмыстары, рөлдік ойындар қолданылады, құжаттармен және түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды, шығармашылық жұмыстар пайдаланылады.

Астана қаласындағы №67 мектеп-лицейінде жүргізген география сабағымда топтық жұмыстың көптеген түрін пайдаландым. Атап айтқанда «үлкен шеңбер», «аквариум», «миға шабуыл» (мозговой штур), «дебаттар» өткіздім. Алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне сүйене отырып оқушы берілген тапсырманы толығымен талқылап, картадан көрсетіп жан-жақты ашып көрсете білді яғни оқушының бойында интербелсенділігі артып жауаптары жоғары болды. Сабаққа қатысқан оқушыларды соңында бағаладым. Бүгінгі өткізген сабағымда оқушылардың белсенділігі 80%-ға артты.

Интербелсенді оқу технологиясы (ИОТ) нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, оқушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, мұғалім мен оқушының іс-әрекетін оқу ойындары түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз. Оқу үдерісін басқару және білім алушыларға дидактикалық материалдарды жеткізіп беру үшін көліктік және ақпараттық коммуникациялар, сондай-ақ автоматтандырылған құжат айналымы жүйесі кіретін мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етеді. ИОТ-сын пайдалану әр оқушының іс-әрекетін сабақтастыруға (өзара әсерлесудің бүтіндей жүйесі пайда болады. Мұғалім – оқушы, мұғалім – сынып, оқушылар – сынып, оқушылар – оқушылар, топ – топ, топ – оқушы, оның оқу әрекетін және тұлғалар арасындағы танымдық қатынастарын байланыстыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні еліміздің білім беру саласында ірі өзгерістер дүниеге келіп, білім берудің дүниежүзілік жаңа сатысына көтерілу кезеңінде түрлі-түрлі реформалар жасалуда.

Оқыту формасы бұрынғы білім беруді ғана негіз еткен дәстүрлі оқыту формасынан жеке тұлғаны қалыптастыру формасындағы сапалы оқыту жүйесіне өзгерді. Оқыту барысы зерттеп үйрену іс-әрекетін басты форма етіп отыр. Іс-әрекет барысында өзін-өзі басқару мен өзара әсерлесіп үйренуді іске асыру ерекшелігіне ие болды. Мұғалім оқыту мақсатына жету үшін оқулықты жете түсіну негізінде оқыту іс-әрекетін мұқият жоспарлауға көшті және оқушыларды зерттеп үйренуге ұйымдастырудың алуан түрлі әдістерін қолдануда. Бірақ, барлық мұғалімде ортақ оқыту технологиясы болмағандықтан оқытуда біркелкілік сақталмай отырғаны жасырын емес. Ұл оқушылардың білім алу сапасына ықпал етпей қоймайтыны сөзсіз. Сондықтан қазіргі сыныптық оқытуға үйлесетін, оқушыларды зерттеп үйренуге ұйымдастыруға икемді. Нысаналы оқыту технологиясы бүгінгі күнде дүниежүзі бойынша тәлім-тәрбие саласында орасан зорықпал көрсетіп отырған технологиялардың бірі. Қазірде бұны АҚШ, Жапон, Қытай сынды көптеген дамыған елдер өздерінің білім беру саласында кеңінен қолданады. Нысаналы оқыту технологиясы АҚШ педагог және психолог Блумның «Тәлім-тәрбие нысанасын түрге бөлу» теориясы мен «игеріп оқу» теориясы негізінде қорытындыланып жасалған. Анығырақ айтқанда, нысаналы оқыту дегеніміз оқыту мазмұнын нысаналандыру, жүйелендіру, ғылымиландыру және оны игерудің әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру, сол арқылы оқыту сапасын жан-жақты көтеру мақсатына жету деген сөз. Нысаналы оқытуды теориялық жақтан түсіну үшін Блумның «Тәлім-тәрбие нысанасын түрге бөлу» теориясы мен «Игеріп оқу» теориясына атап кеткен жөн[4]

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абдуллина Г. Интерактивті оқыту – таным белсенділігінің қазіргі бағыты. – Ұлт тағылымы, 2009, №2.

2. Айтмамбетова Б. Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері /23 лекция/. – Алматы, 1991.
3. Аймухамбетова С. А. Интерактивтые методы учебнойдеятельности. – Қазақстан жоғары мектебі, 2010, №1.
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009.
5. Әлімов А., Қосанов Б., Базарбекова Р. Орта мектептің 2 сыныбында интербелсенді әдістемені қолдану. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2010.

ӘОЖ 372

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ЦИФРЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Имамай Ерзат Рысбекұлы

yerzatimamay@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультетінің физикалық және экономикалық география кафедрасының 1 курс білім алушысы, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Н.Мусабаева

XXI ғасыр - жаһандану заманы әрі Z ұрпағы бастаған уақыт. Қазіргі уақытта Z (1997-2012 жылдар аралығында туылғандар) және Альфа (2012-2020 жылдар аралығында туылғандар) ұрпақтары мектеп пен университеттерде оқуда басым. Z ұрпағы электронды гаджеттерді (планшеттер, смартфондар, 3Д құрылғылар, т.б.) кеңінен қолданғандықтан, оларды кейде Цифрлық адам деп те атайды. Ал Альфа ұрпағы дәстүрлік оқытудан анағұрлым шаршап, одан алшақтайды, және әлеуметтік желілер мен ақылды технологияларды одан әрі жиірек пайдаланады.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай қазіргі жас өскелең ұрпақ өмірде, әсіресе, оқыту жұмыстарында жаңа технологияға мұқтаж. Яғни, оларға ақпаратты жеткізу үшін өздеріне ыңғайлы заманауи әдістерді пайдалану керек. Осы салада бірнеше әдістерді айтып кеткім келеді: сабақ барысында әртүрлі викторина-куиздер ойнату, электронды карталар мен видеолар арқылы тақырыпты бекіту, тек жаттау материалдарын емес, визуализацияға да мүмкіндік беру, т.б.

Осы салада мектеп оқушылары мен олимпиада қатысушыларына және ҰБТ-да география пәнін таңдайтын түлектерге географияны оңай әрі заманауи түсіндіру үшін біздің мектептің оқушылары Telegram платформасында GeoCraft ҚБ құрған болатынбыз. Яғни, біз ол арнада тақырыптарды оңай әрі түсінуге жеңіл болатын иллюстрациялар, сызба-диаграммалар арқылы түсіндіріп, өткен тақырыптарды бекіту үшін Kahoot платформасында апталық және айлық куиздер өткізіп отырдық. Және де айына 2-3 рет тегін және ақылы сабақтар жүргізіп отырдық. Осылайша біздің арнамыздың жазылушыларының саны күннен күнге өсті әрі географияға қызығушылықтары оянды.

Мысалы, төмендегі жазбалардың бірінде “Колумб айырбасы” суреттелген, ешқандай сөзсіз, артық ақпаратсыз. Яғни, осы тектес суреттерді көрген оқушыларда айырбас туралы ақпарат әрі сезім болады. Тек қарау арқылы оқушылар айырбас кезінде Еуропа мен Жаңа дүние арасында қандай заттар айырбасталғанын түсіне алады. Немесе “Дельта және эстуарий” жазбасында тек 1 қысқа сөйлеммен ғана бізге толықтай айырмашылығын түсіндіріп тұр. Ал бұл айырмашылық кітапта жарты беттей алатын еді. Және де “Урбандалу жоғары облыстар” жазбасында урбандалуға анықтама беріле отырып, Қазақстанның облыстары көрсетілген. Яғни, осы тектес қысқа әрі оңай тілде жазылған жазбалар да оқушыларға оң әсер етеді, өйткені Z пен Альфа ұрпақтары ұзақ уақыт бойы бір мәліметті қабылдай алмайды.